

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	4
КІРІСПЕ.....	5
1 БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ АЯСЫНДА БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ.....	12
1.1 Білім беру саласында белсенді оқыту әдістерін қолданудың ерекшеліктері	12
1.2 Физика курсына жаңартылған білім беру мазмұнында белсенді әдістерді пайдаланып оқытудың қазіргі әлеуеті	18
1.3 Белсенді оқыту әдістерін физикада қолданудың маңызы.....	26
1 тарау бойынша тұжырым	34
2 ФИЗИКАДАН БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ АЯСЫНДА БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ.....	35
2.1 Физикадан білім мазмұнын жаңарту аясында белсенді әдістерді қолданып оқытудың мазмұны.....	35
2.2 Физика пәнін оқытуда белсенді әдістерді қолданудың әдіс-тәсілдері.....	48
2.3 Белсенді оқыту әдістерін қолдану тиімділігін бағалауда тәжірибелік – эксперименттік жұмыс нәтижелері.....	59
2 тарау бойынша тұжырым	65
ҚОРЫТЫНДЫ	66
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	68

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер көрсетілген:

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». – Астана, 2014 жылғы 17 қаңтар.
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400002014>

Сандық білім беру ресурстарын оқу үдерісінде қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар, –Астана: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 32 б.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы.
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы (21.07.2015 ж. жағдай бойынша өзгерістерімен және толықтыруларымен). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 2 маусымдағы №198 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1100006976>

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	- Қазақстан Республикасы
ҚР МЖМБС	- Қазақстан республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты
ЖОО	- жоғары оқу орны
ХҚТУ	- Халықаралық қазақ-түрік университеті
БӨӘ	- белсенді оқыту әдістері
ОӘК	- оқу-әдістемелік кешендер
ЭТ	-эксперименттік топ
БТ	-бақылау топ
АКТ	-ақпараттық коммуникациялық технологиялар
ЭО	- электронды оқулық

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек... Жоғары оқу орындары білім беру қызметімен шектеліп қалмауы тиіс. Олар қолданбалы және ғылыми-зерттеушілік бөлімшелерін құруы және дамытуы қажет» - деп атап көрсетілген.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім және тәрбие алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқыту және тәрбие берудегі жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген .

Білім беру мекемелері құрылғаннан бері мәдениет пен тұлғаны дамыту және қалыптастыру орталығы болып келді және солай болып қала береді. Ел мен қоғамның болашағы осы білім беру процесін қалай тиімді ұйымдастыруға байланысты. Қазіргі мектептер үнемі жетілдіріліп, өзгеріп отырады. Осыған байланысты білім беру мазмұнын заманауи талаптарға сәйкес жаңарту білім беру процесінің өзгеруіне әкелді. Жаңартылған оқу жоспары мен жаңа стандарттар құзыреттілік тәсіліне негізделген, оған сәйкес оқу бағдарламасының құрылымы өзгерді: біз оқу материалдарының негізінде емес, күтілетін нәтижелерге сәйкес әрекет етіп үйренуіміз керек. Бұл дегеніміз, оқушылардың қабылдауы өзгерді, яғни дәстүрлі білім беруі басым автократиядан бірлескен оқытуға көшу болды. Осы міндеттерді іске асырудың бір тәсілі- білім алушылардың ойлау қабілетін дамытудың тиімді әдістерін әзірлеу, олардың ғылыми-танымдық қызметін жандандыру және әртүрлі ұтымды әдістер мен әдістемелік дағдыларды қолдану арқылы оқуға ынталандыру.

Бұл ретте заманауи білім берудің ең өзекті мәселелерінің бірі сабақта оқушының белсенділігін арттыру. Физика саласы бойынша оқушылардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыру негізгі, орта және жалпы орта білім беретін мектеп бағдарламасында жетекші орын алады, бұл әлемнің біртұтас ғылыми бейнесін қалыптастырудағы физиканың практикалық маңызымен айқындалады.«Физика» пәнін табысты оқыту мұғалімнің тікелей кәсіби тәжірибесі мен құзыреттілігіне, оқу үдерісі нәтижелеріне басым көңіл бөлуіне байланысты. Оқушылардың оқу әрекетін ұйымдастыру және оның нәтижелерін бақылауды жүзеге асыру үшін педагог әртүрлі әдістер мен құралдарды пайдалануы тиіс және оған белсенді оқыту әдістерінің көмегі зор.

Оқыту әдістері – күрделі, көп жақты, көп салалы құбылыс. Оқыту әдістері арқылы объективтік заңдылықтар, мақсаттар, мазмұны, принциптері мен оқыту формалары бейнеленеді. Оқыту әдістері оқу-тәрбие процессінде үйретуші,

дамытушы, тәрбиелеуші, ынталандырушы (мотивациялық) және бақылаушы түзетуші қызметтерді атқарады [1].

Қазіргі оқу процесінде қолданылатын әдістердің саны мен түрлері өте көп. Әдістер әртүрлі критерийлер бойынша жіктеледі:

- Оқу қызметінің сипаты бойынша: репродуктивті, проблемалық, зерттеу, іздестіру, түсіндіру-көрнекі, фрагменттік (эвристикалық) және басқалар;

- педагог пен білім алушының белсенділік деңгейіне байланысты: пассивті, белсенді, интерактивті;

- Оқу материалдарының дереккөзі бойынша: лексика, пайымдау, қызмет (практика);

- Оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру әдістері бойынша: білімді, іскерлікті, дағдыны қалыптастыру әдістері, жаңа білім алууды тестілеу және бағалау әдістері.

Оқытудың активті (белсенді) түрі – оқыту мен шығармашылық үшін дидактикалық процесті ұйымдастырудың реттелген, алгоритмделген, жоспарланып қойылған формасы мен әдісімен танымдық мотивтер мен қызығушылықтарды туғызатын ізденушілік, зерттеушілік, нақты проблемалық талаптар қоятын дамытушы әдістерге аяқ басу болып табылады. Белсенді оқыту әдістерінің артықшылықтары: біріншіден, олар өздері белсенді, өйткені олар негізінен зияткерлік және физикалық ойындарды қамтиды; екіншіден, олар білім беру процесінің барлық қатысушыларының белсенді өзара әрекеттесуі болып табылатын пассивті монологтарды алмастырады; үшіншіден, бұл әдістер ауызша және жазбаша қарым-қатынастың барлық қол жетімді формаларында қолданылады және дәстүрлі оқыту әдістеріне қатысушылардың жасырын әлеуетін жандандырады; төртіншіден, бұл әдістер барлық ақыл-ойды қолдану, білім, дағды, қасиеттер мен құндылықтарды игеру арқылы өте белсенді және тек курстарға, семинарларға, оқу тапсырмаларына ғана қатысты емес, сонымен қатар релаксация, үзіліс және тіпті мектептен тыс курстарға да жарамды [3].

Оқытудың белсенді әдістерінің тиімділігі жайлы көптеген ғлымдар зерттеулер жүргізген.

Г. Д. Кузнецова оқу мәні- оқушының білімі мен дағдыларын түзету, дұрыс ұйымдастырылған жүйелі бақылау арқылы студенттер жұмыс істеу әдетін қалыптастырады, тапсырмаларды жауапкершілікпен орындайды, жоғары нәтижелерге қол жеткізуге деген ынтаны дамытады деген. Сонымен қатар, оқыту сапасын арттырудың бір тәсілі-оқу процесін дұрыс ұйымдастыру екенін атап өтіп, сабақ кезеңдерін, сынып кеңістігін, мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесуін, сонымен қатар оқушылардың өзара әрекеттесуін нақты ұйымдастыру сияқты компоненттерді қамтитын оқу әрекетін дұрыс жоспарлау қажеттігін нақты айтқан [4].

Ozcan, O., & Gercek, S. оқушылар физика мен күнделікті өмір арасындағы байланысты терең ұғыну үшін физика мұғалімінің теориялық және практикалық білімі ғана жеткіліксіз екендігі, сонымен қоса оны білім беру барысында тиімді әдістерді қолдану арқылы оқушыға жеткізе алу қабілеті де маңызды екенін айтады. Өзінің жұмысында ол белсенді тәсілдер мен

контекстке бағытталған тәсіл арқылы болашақ физика мұғалімдерінің біліктілігін тексеру мақсатында 16 жоғары курс студенттерінің қатысуымен тәжірибе өткізіп, жиналған деректерді мазмұнды талдау әдісі арқылы талдайды. Жүргізілген талдау нәтижелері сервистік физика мұғалімдері физика сабақтарында қолданылатын белсенді әдіс-тәсілдерді білім беру процессінде қолдану туралы білімдерінің жетіспеушілігі және қосымшалардың болмауын анықтайды [5].

Эксперимент жасау мен талқылаудың (топтық жұмыс) салыстырмалы тиімділігін анықтау мақсатында Marušić, M., & Sliško, J. жоғары сынып оқушыларының дәстүрлі түсініктерін өзгерту және олардың физиканы зерттеудің логикалық және шығармашылық ойлауды дамытуға ықпал етуіне негізделген тәжірибе жүргізеді. Нәтижесінде бір семестр бойы 1 (91 бала) тобы үшін осы орта мектеп жобасының деректері логикалық ойлаудың дамуына байланысты 11% - ға өзгерісті көрсетті, ал оқушылар шығармашылық ойлаудың дамуына қатынасы 20,9% - ға өзгерісті көрсетті. 2 тобы бойынша нәтижелер (85 бала) 31,7% - да логикалық ойлауды дамытудағы физиканың рөліне оң тұрғыдан айтарлықтай өзгерістер көрсетті, ал оқушылардың шығармашылық ойлауды дамытуға деген қатынасы 36,4% - да айтарлықтай прогреске жетті. Бұл нәтижелер белсенді оқытудың екі түрі де оқушылардың физиканы оқытудың логикалық және шығармашылық ойлаудың дамуына әсері туралы түсініктерін жақсартатынын көрсеткен [6].

Жаратылыстану (химия, физика және биология) сабақтарында педагогикалық тәсіл экспозициялық болып қала алмайды, оқу процессі тек ақпаратты беру мен қабылдауға негізделген болып қала алмайды . Білім алушылар проблемалық жағдайларды талдау немесе нақты гипотетикалық мәселелерді шешу үшін ізденістерін арттыру керек деп тұжырымдайды Drăghicescu L. M. және Petrescu A. M. Проблемалық оқыту және белсенді оқыту технологиялары арқылы жаратылыстану сабақтарында оқушылар тек танымдық дағдыларды ғана емес, сонымен қатар бірқатар аспаптық және трансверсальды дағдыларды игереді деп жазды өз еңбектерінде [7].

Louis Deslauriers, Logan S. McCarty өз еңбектерінде белсенді оқыту сыныпта оқытудың ең жақсы әдісі ретінде танылғанына қарамастан, жақында жүргізілген ірі зерттеу оқытушылардың көпшілігі дәстүрлі оқыту әдістерін таңдайтындығын көрсетті. Бұл мақалада білім алушылар мен оқытушылар неге белсенді оқуға қарсы екендігі туралы бұрыннан келе жатқан сұрақ қарастырылады. Пассивті дәрістерді белсенді оқытумен салыстыра отырып, рандомизацияланған эксперименттік әдісті және курстың ұқсас материалдарын қолдана отырып, біз белсенді сыныптағы оқушылардың көбірек оқитынын, бірақ олар аз қабылдайтынын сезінген. Олар бұл теріс корреляция ішінара белсенді оқыту кезінде қажет танымдық күш-жігердің артуымен байланысты екенін көрсетті [8].

Жоғарыда аталған еңбектерді талдай, саралай келе жоғары оқу орындарында физиканы, оның ішінде физика курсын жаңартылған білім беру мазмұнында белсенді әдістерді пайдаланып оқытудың мәселесі теориялық

және ғылыми-әдістемелік тұрғыда әлі де жетілдіруді қажет ететін тың тақырып екеніне көзіміз жетті.

Жоғарыда айтылғандарды зерделей келе, болашақ физика мұғалімдерін даярлауда жаңартылған білім беру мазмұнында белсенді әдістерді пайдаланып, пәнді оқытудың маңызы зор екендігін ескеретін болсақ, оқыту үдерісінде оларды қандай әдіс-тәсілдермен бағалаудың тиімділігін айқындау маңызды қажеттіліктердің бірі болмақ. Сондықтан, белсенді оқыту технологиялардың қарқынды дамуына байланысты болашақ физика мұғалімдерін даярлау жүйесінде физика пәнін оқытудың бағалау мүмкіндіктері және оларды қолданудың қажеттілігі мен әдістемелік қамтамасыз етілуінің жеткіліксіздігі арасында **қарама-қайшылық** бар екендігін байқауға болады.

Аталған қарама-қайшылық зерттеудің ғылыми мәселесі - «Белсенді оқытуды бағалаудың әдіс-тәсілдері қандай болуы керек?» деген сұраққа жауап беруден тұрады.

Болашақ физика мұғалімдерін дайындау жүйесінде физика курсын жаңартылған білім беру мазмұнында белсенді әдістерді пайдаланып оқытудың қолданылуын бағалаудың әдістемесін жасау арқылы көрсетілген қарама-қайшылықты жою қажеттілігі және сол бойынша педагогикалық зерттеулердің жеткіліксіздігі тандап алынған зерттеу тақырыбының **өзекті** екендігін көрсетеді.

Зерттеудің мақсаты – алған білімдерін оқу үдерісінде пайдалана алумен қатар, сол білімдерін ғылыми зерттеулерде жүзеге асыру мүмкіндігіне ие, біліктілігі жоғары және бәсекелестікке қабілетті болашақ физика мұғалімдерін даярлауға мүмкіндік беретін белсенді оқыту әдістерін қолданудың тиімділігін бағалаудың теориялық, әдістемелік негізін жасау және оның тиімділігін эксперимент арқылы дәлелдеу.

Зерттеу нысаны. Білім алушылардың негізгі мектепте физиканы оқыту процесі.

Зерттеу пәні. Білім мазмұнын жаңарту аясында физикадан белсенді оқыту әдістерінің тиімділігін бағалаудың әдістемелік жүйесі.

Зерттеудің ғылыми болжамы. Егер, негізгі мектепте оқытудың белсенді әдістерін қолдану білім алушылардың білім беру нәтижелеріне қол жеткізуінің тиімді құралы болады. Терең және берік білімді қалыптастыру, танымдық іс-әрекеттің жоғары деңгейін, оқушылардың өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тәрбиелеу қабілетін қамтамасыз етілсе, онда белсенді оқыту үдерісінде құрылған болса, білім беру ортасы, оқытудың белсенді әдістерінің дидактикалық әлеуеті барынша қолданылады.

Зерттеудің міндеттері. Қойылған мақсатты іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

-білім беру саласында белсенді оқыту әдістерін қолданудың ерекшеліктерін анықтау;

-физика курсын жаңартылған білім беру мазмұнында белсенді әдістерді пайдаланып оқытудың қазіргі әлеуетін талдау;

-белсенді оқыту әдістерін физикада қолданудың маңызын көрсету;

-Физикадан білім мазмұнын жаңарту аясында белсенді әдістерді қолданып оқытудың мазмұнын, әдіс-тәсілдерін жасау;

-Белсенді оқыту әдістерін қолдану тиімділігін бағалауда тәжірибелік – эксперименттік жұмыс нәтижелерін тексеру.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық және теориялық негіздерін таным теориясы, жүйелілік, іс-әрекеттік, жоғары педагогикалық білім беру мазмұны, физикалық білім беру мен әдістемесіне қатысты теориялар, оқытудың қолданбалы бағдарлылығы теориялары, білім беруді ақпараттандыру туралы теориялар, оның ішінде физиканың оқытудың белсенді әдістерін оқытудың теориясы мен әдістемесі, оқыту тұжырымдамалары, әдістемелік жүйесі құрайды.

Зерттеу көздері. Зерттеу мәселесі бойынша физика, психология, философия, педагогика, білімді ақпараттандыру салаларындағы еңбектер; Қазақстан Республикасы Үкіметінің ресми материалдары; Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы; Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы; «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы; жоғары мектептің білім беру мәселелеріне қатысты нормативті құжаттары мен оқу-әдістемелік кешендері (оқу бағдарламалары, оқулықтар, оқу құралдары және т.б.); педагогтардың ғылыми жетістіктері мен озық тәжірибелері; оқытудың белсенді әдіс- тәсілдері және технологиялары саласындағы ғылыми еңбектері.

Пайдаланылған әдістер. Алға қойылған міндеттерді шешу үшін келесі әдістер пайдаланылды: Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми-әдістемелік және физика-информатикалық әдебиеттерді, жоғары оқу орындарының физика мамандығының бағдарламаларын талдау; жоғары оқу орындарының міндетті пәндерді және таңдау бойынша курстарды оқытудың тәжірибесін зерттеу және жинақтап ой қорыту; білім алушыларға бақылау жасау, жоғары оқу орындарының оқытушыларымен, физик-мамандарымен әңгімелесу; білім алушылармен сұхбаттасу, оларға сауалнама жүргізу; зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеу және талдау жасау.

Зерттеудің негізгі кезеңдері.

I кезеңде (IX-XII/2019ж.) зерттелетін проблеманың нақты жағдайының деңгейін анықтау мақсатында физика оқулықтарына, оқу-әдістемелік құралдарға, жоғары оқу орнында физиканы оқыту әдістемесі жүйесіндегі пәндердің бағдарламалары мен оқу, оқу-әдістемелік құралдарына талдау жасау негізінде білім алушылардың физикалық пәндерден алған білімдерін жүзеге асыратын теориялық және практикалық білімдерін қандай дәрежеде қамтамасыз ете алатындығының деңгейі анықталды. Сонымен бірге, «белсенді оқыту әдістері» ұғымдарының мәні мен ұстанымдары талданып, анықтама берілді және ғылыми-зерттеулерге сараптама жасалды.

II кезеңде (I-V/2020ж.) физика пәнін оқытуда белсенді оқу әдістерін пайдалану, отандық және шетелдік оқу орындарындағы белсенді оқу әдістерін жүзеге асыру әдістері, құралдары, қазіргі әлеуеті тұжырымдалып, білім

алушылардың физикадан белсенді әдістерді қолданудың дидактикалық ұстанымдары айқындалды. Болашақ физика мұғалімдерін даярлауда белсенді оқыту әдістерін оқытудың әдістемелік жүйесі (оқыту мақсаты, оқыту мазмұны, әдістері, оқыту үдерісін ұйымдастыру формалары) жасалды.

III кезеңде (IX.2020-IV/2021ж) болашақ физика мұғалімдерін даярлауда белсенді оқыту әдістерін қолданудың әдістемесінің тиімділігі тәжірибелік-эксперимент түрінде тексеруден өткізіліп, практикаға ендірілді. Тәжірибелік-эксперимент нәтижелері қорытындыланды. Деректер статистикалық өңдеуден өтті және ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілді. Бұл кезеңде диссертация рәсімделді.

Зерттеу базасы. Эксперимент жұмыстары Отырар ауданы, Балтакөл ауылы, Ы.Алтынсарин атындағы ЖББОМ жүргізілді

Зерттеудің ғылыми жаңалықтары:

-білім беру саласында белсенді оқыту әдістерін қолданудың ерекшеліктері анықталды;

-физика курсына жаңартылған білім беру мазмұнында белсенді әдістерді пайдаланып оқытудың қазіргі әлеуеті талданды;

-белсенді оқыту әдістерін физикада қолданудың маңызы көрсетілді;

-физикадан білім мазмұнын жаңарту аясында белсенді әдістерді қолданып оқытудың мазмұны, әдіс-тәсілдері жасалды;

-белсенді оқыту әдістерін қолдану тиімділігін бағалауда тәжірибелік – эксперименттік жұмыс нәтижелерінің тиімділігі айқындалды.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы болашақ физика мұғалімдерін даярлауда оқытудың белсенді әдістері арқылы білім беру процессінің тиімділігін арттырудың әдістемесінің жасалуы білім алушылардың білімдері, практикалық икемділіктері мен дағдыларының ғылым мен техниканың дамуына сай қалыптасуынан туындайды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы. Білім беру процессінде физиканы оқыту әдістемесін жетілдірумен, оқытудың белсенді әдістерін қолдану моделінің жасалуы және есептер шығарылуымен, оқу үдерісіне енгізумен сипатталады.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі теориялық-әдіснамалық және практикалық тұрғыда дәлелденуімен, зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкестілігімен, зерттеу мақсатына, міндеттеріне, нысанына, пәніне сәйкес кешенді әдістердің қолданылуымен, теориялық тұжырымдаманың нәтижелілігімен, эксперименттен алынған нәтижелердің болашақ физика мұғалімдерін даярлайтын жоғары оқу орындарының жаратылыстану факультеттері мен бөлімдерінде қолданылуымен қамтамасыз етіледі.

Қорғауға мынадай қағидалар ұсынылады:

- физиканы оқытуда белсенді оқыту әдістерін қолданудың білім беру процессінде алатын орны;

- белсенді әдістерді физиканы оқыту үдерісіндегі қолдану бағыттары;

- физикалық құбылыстар мен процесстердің компьютерлік модельдері;

- физиканы оқытуда белсенді әдістерді қолданудың тиімділігін бағалаудың әдістемесі және оқу үдерісіне енгізілуі.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу. Зерттеу жұмысының тұжырымдары, материалдары және онда қарастырылатын өзекті мәселелер: Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясында -2, ҚР ЖАҚ тізіміндегі басылымдарда – 2 жарық көрген мақалалар мен баяндамаларда көрініс тапты.

Диссертация құрылымы мен мазмұны. Диссертация нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен қысқартулар, кіріспе, екі бөлім, зерттеудің негізгі тұжырымдары келтірілген қорытынды, зерттеу барысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде зерттеу мәселесінің өзектілігі сөз болды. Зерттеу мақсаты, оның объектісі, болжамы және міндеттері қалыптастырылды. Зерттеу әдістері, ғылыми жаңалығы және практикалық маңызы сипатталып, қорғауға ұсынылған негізгі қағидалар т.б мәліметтер баяндалып, диссертацияның қысқаша мазмұны келтірілді.

«Білім мазмұнын жаңарту аясында белсенді оқыту әдістерін қолданудың дидактикалық алғышарттары» атты бірінші бөлімде білім беруді жаңарту жағдайларындағы белсенді оқыту әдістерін қолдану мәселелері анықталып, физика курсына оқытуда оны тиімді қолданудың қазіргі әлеуеті талданып, бағыттары айқындалды.

«Физикадан білім мазмұнын жаңарту аясында белсенді оқыту әдістерін қолдану әдістемесі» атты екінші бөлімде физиканы белсенді оқытудың мақсаты мен мазмұны, әдіс-тәсілдері анықталып, физиканы оқытуда бағалаудың тиімділігі тәжірибелік тұрғыдан жүзеге асырылып, экспериментте тексерілді.

Қорытындыда жүргізілген зерттеудің негізгі нәтижелері, сондай-ақ оларды жоғары оқу орындарында болашақ физика пәнін меңгеруде белсенді оқыту әдістерінің тиімділігін зерттеу жұмыстарында қолдану жөніндегі тұжырымдар баяндалды.

1 БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ АЯСЫНДА БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ

1.1 Білім беру саласында белсенді оқыту әдістерін қолданудың ерекшеліктері

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: бәсекеге қабілеттілік» тақырыбындағы бар отандастарымызға арнаған кезекті Жолдауында «Білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталған, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс» деген болатын.

Бүкіл әлемде білім беру жүйесінің болашақ ұрпаққа білім беру процесін жетілдіру туралы мәселелер қайта қаралуда. Осы сұрақ аясында: «XXI ғасырда жетістікке жету үшін балалар нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты маңызды сауалдар туындайды. Бұл сұрақтар білім беру бағдарламасымен және білім беру процесін жүзеге асыру үшін қолданылатын педагогикалық оқыту әдістерімен тығыз байланысты.

Қазіргі уақытта Қазақстан жаһандану және ғылыми техникалық прогресс заманындағы білім беру процесін жүйелеу және бәсекеге қабілетті маман даярлаудағы проблемаларды шешу үшін ұлттық деңгейде жұмыс істеуде. Ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтарға және білім беру бағдарламасындағы оқыту әдістеріне қатысты білім беру процесіндегі мақсаттар оқушылардың жалпы үлгерімін, сондай-ақ инновациялар мен көшбасшылықты дамыту, мектеп ортасы арқылы ұлттық сананы қалыптастыру және іске асыру, сонымен қатар халықаралық тәжірибенің кең спектрімен өзара байланыс жасау үшін қажетті дағдыларды дамытуды көздейді. Жаңартылған білім беру бағдарламасы мен бағалау жүйесін енгізу осы аталған міндеттерді шешу үшін қабылданған шаралардың бірі болып табылады.

Бүгінгі таңда мұғалімнің маңызды міндеті-оқушыны қарқынды дамып келе жатқан әлемнің жағдайларына дайын болуға, коммуникативтілікке үйрету. Білім беру жүйесінің оқушылардың өз бетінше білім алу дағдылары мен машықтарын дамыту қажеттілігі оқушы мен мұғалімнің өзара іс-қимыл қағидаттарын түбегейлі өзгертеді, сондай-ақ мұғалімді оқу пәні шеңберінде білім беру процесіне ықпал етудің өзге де нысандарын қолдануға міндеттейді. Қазіргі уақытта сабақта білім берудің белсенді формалары оқу процесінде жиі және кеңінен қолданылады, бұл сабақты қызықты және нәтижелі етеді. Оқытудағы белсенді әдістердің рөлі өте маңызды, өйткені мұғалім мен білім алушы арасында қолайлы оқу ортасын қалыптастырады. Білім беру процесінің жетістігі сабақ аясында қолданылатын әдістерге байланысты.

Әрине, қазіргі заманғы сабақтардың жетістігі мұғалімнің жеке басына, оның кәсіби шеберлігіне, әр түрлі әдіс-тәсілдерді, әдістер мен оқыту әдістерін қолдануына және білім алушыларға деген жеке көзқарасына байланысты. Білім беру барысында оқытудың әдіс әдістері өте көп. Мен физика сабағында материалдардың мазмұнын, курстың оқыту мақсаттарын және оқушылардың

жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың белсенді әдістері мен формаларын қолданамын. Сабақта оқытудың белсенді әдістерін қолдану оқушылардың жалпы қабілеттерін ойдағыдай қалыптастыруға мүмкіндік береді. Белсенді оқыту әдісінің ерекшелігі - мұғалімдер оқушылардың зейіні мен ойлауын белсенді етеді, қызығушылығын оятады. Оқытудың белсенді әдістерін таңдау және қолдану ерекшеліктері оқу сабақтарының сипатын ескере отырып құрылады.

Оқыту әдістері - бұл педагогтің оқушылармен белгілі бір тақырыптар бойынша бірлескен диалогын ұйымдастыру тәсілдері, жемісті жұмысты ұйымдастыру және білім алушылар мен педагог арасындағы өзара іс-қимылдың бір түрі [9].

Мұндай іс-әрекет және өзара әрекеттесу формасы білім беру нәтижелерінің кең спектрін қалыптастыруға бағытталған, өйткені шығармашылық қабілетті арттыру жүйесі ретінде қарастырылатын мұндай әдістердің мәні оқу-танымдық іс-әрекеттің педагогикалық тұрғыдан тиімді ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді.

Оқыту әдістерін үш топқа бөлуге болады:

- пассивті;
- интерактивті;
- белсенді [10].

Пассивті оқыту әдістері-бұл білім беру мазмұнының негізгі қатысушысы және жетекшісі мұғалім болатын әдістер, ал мұғалімнің қатаң басымдылығын ұстанатын білім алушылар тыңдаушылардың ролін атқарады [62]. Білім алушылар оқытушымен тәуелсіз және бақылау жұмыстары, тесттер немесе диктанттар арқылы байланысады. Мұнда негізгі жұмыс материалды жеткізуге және оны белгілі бір тапсырмалар шеңберін орындау нәтижесі ретінде тестілеуге негізделген. Бұл әдіс заманауи педагогикалық талаптар тұрғысынан тиімсіз болып саналады, өйткені ол білім алушыларды ынталандырмайды және оларды іздену және шығармашылық қызметке қоспайды, топтар арасындағы өзара әрекеттесудің мәнін және ынтымақтастық дағдыларын ашуға мүмкіндік бермейді, білім беру нәтижелерінің маңызды кешенін, мемлекеттік білім беру стандартымен белгіленген әмбебап оқу әрекеттерін қалыптастырмайды.

Интерактивті әдіс. Бұл әдістің мәні білім беру процесіне қатысушылардың өзара әрекеттесуінде жатыр, оларға бұл әдіс мұғаліммен үнемі диалог жүргізуге мүмкіндік береді. Оқытудың интерактивті әдістері білім алушылардың білім беру процесіне қатысушылармен кең өзара іс-қимыл жасауына бағытталған [11].

Оқытудың интерактивті әдісі, негізінен, материалды пәндік меңгеруден басқа, коммуникативті әмбебап оқу әрекеттерін қалыптастыруға бағытталған деп айта аламыз. Интерактивтік оқыту-диалогтық оқыту, оның барысында білім беру міндеттері шешіледі [12]. Интерактивті әдістерді қолданған жағдайда оқушылар оқу процесіне барынша қатысады, сонымен қатар танымдық іс-әрекетті дамытады, өз идеяларын енгізеді және іс-қимыл әдістерінің рефлексиясын жүргізеді.

«Оқытудың белсенді әдістері» термині әдебиетте 20 ғасырдың екінші жартысында пайда болды. Ю. Н. Емельянов бұл тұжырымдаманы әлеуметтік-психологиялық оқытудың сипаттамаларын сипаттау және анықтау үшін қолданады. Бұл ұғым топтық зерттеулерді, атап айтқанда топтық оқытуды сипаттауда қолданылды. Мұнда әдістердің өздері емес, оқыту түрі белсенді.

Оқытудың белсенді әдістері-бұл оқушылардың іс-әрекеті іздеу-зерттеу сипатында болатын оқыту әдістері. Оқытудың белсенді әдістеріне әртүрлі дидактикалық ойындар, жағдайаттар, туындаған проблемалық сұрақтарды шешуге бағытталған әрекет және оларды талдау, зерттеу және шығармашылық жұмыс жатады. Белсенді өзара әрекеттесу немесе оқыту әдістерінің пайда болуы мұғалімдердің оқушылардың танымдық қажеттілігін белсенді етуге және материалды игеру сапасын арттыруға барынша ықпал етуге деген үлкен ұмтылысымен байланысты.

Оқытудың белсенді әдістерін қазіргі заманғы білім беру технологияларының ажырамас және елеулі құрамдас бөлігі ретінде қолдану оқытушылар мен оқу процесін ұйымдастырушылар арасында арнайы білім мен практикалық тәсілдерді қалыптастыру қажеттілігін туғызады.

Оқытудың интербелсенді және белсенді әдістері бойынша оқыту мен оқу үдерісіне оқытушы мен білім алушы бірдей деңгейде қатысады. Білім алушылардың өздері сабақты оқытушымен бірге құрастырып шығады, мақсатқа, нәтижеге бірге жетеді. Оқытудың белсенді әдістерін ХХІ ғасыр жаңалығы ретінде танудың қажеті жоқ. Себебі ол мәселе Я. Коменский, И. Песталоцци, А. Дистервег, Г. Гегель, Ж. Руссо, Д. Дьюи еңбектерінен көрініс табатыны бәрімізге белгілі.

Әр түрлі ғалымдар "оқыту әдісі" ұғымын екі бағыта түсіндіретін көптеген зерттеулер бар. Бастапқыда оқыту әдісі жеңілдетілген түрде қабылданды. Білім беру практикасы мен педагогикалық ғылымның дамуымен осы категорияға деген көзқарас өзгерді, оған үлкен үміт артыла бастады. Алайда, осы категорияның диалектикалық мәніне қарамастан, ол басқа педагогикалық ұғымдарға қарағанда баяу өзгереді және қайта түсіндіріледі.

Қазіргі кезеңде белсенді оқыту әдістерін, инновациялық технологияларды қолдану, оқытушылардың эмоционалдылығы оқушылардың танымдық белсенділігіне айтарлықтай әсер етеді. Білім алушылар ең үлкен белсенділікті, жұмыс істеуге деген ынтаны, іс-әрекет, процесске деген қызығушылықты практикалық сабақтарда табады. Білімгерлердің оқу-танымдық қызметін жандандырудың әртүрлі тәсілдері «белсенді оқыту әдістері» деген ұжымдық атауға ие болды. Бастапқыда белсенді оқыту әдістері мамандарды қайта даярлау жүйесінде кеңінен таралды. Мұнда дайындықтың жеделдетілген уақыты ерекше мәнге ие, сондықтан БОӘ, әсіресе ойын түріндегі оқыту әдістері кең танымал болды. Содан кейін олар жоғары мектеп мамандарын дайындауда қолданыла бастады және дәстүрлі оқытудың классикалық әдістері ерекше орнықты болатын жалпы білім беру жүйесінде қолданыла бастады.

БОӘ-не кейбір педагогикалық әдістер мен сабақтарды өткізудің арнайы формалары кіреді және олардың түрлері өте көп. Соңғы жылдары білім беру

жүйесін реформалауға қарай оқу процесінің тиімділігін арттыру шараларын іздестіру белең алуда. Көптеген мұғалімдер білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыру үшін әртүрлі дидактикалық құралдарды қолдану мақсатында өз шығармашылықтары мен ізденісін үнемі арттырып отыруда. Соған байланысты әр мұғалім белсенді оқыту әдістерінің түрлерін нақты ажыратып, оларды жіктей алу керек.

"Физика" пәні бойынша жаңартылған оқу бағдарламасы осы білім беру процессіндегі үнемі жетілдірілуі тиіс үдерістің құрамдас бөлігі болып саналады. Оқушылардың физика пәні бойынша білімдерін, біліктері мен дағдыларын қалыптастыру негізгі және орта мектептер мен жалпы білім беретін мектептердің оқу бағдарламаларында жетекші орын алады. Бұл әлемнің жалпы ғылыми бейнесін қалыптастыруда физиканың практикалық маңызымен айқындалады.

Қазіргі кезде білімді әрі коммуникативті болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген ойдың жақтастары көбейіп келеді. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді.

Жаңартылған жалпы білім беру бағдарламасында білім алушылар дамытуы қажет келесі құндылықтар мен дағдылар анықталған (1-кесте):

1-кесте. Құндылықтар мен дағдылар

Құндылықтар	Дағдылар
<ul style="list-style-type: none"> - шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау; - қарым-қатынас жасау қабілеті; - өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау; - жауапкершілік; - денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету; - өмір бойы оқуға дайын болу. 	<ul style="list-style-type: none"> - сын тұрғысынан ойлау; - білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті; - проблемаларды шешу қабілеті; - ғылыми-зерттеу дағдылары; - қарым-қатынас дағдылары (тілдік дағдыларды қоса алғанда); - жеке және топпен жұмыс істей білу қабілеті; - АКТ саласындағы дағдылар.

Құндылықтар мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған жаңа білім беру жүйесінде жеке тұлғаны қалыптастыру үшін белсенді оқыту әдістері өте маңызды.

Оқытудың белсенді әдісі- білім алушыларды материалдарды игеру процесінде белсенді ойлауға және тәжірибеге итермелейтін әдістер. Белсенді оқыту әдістемелік жүйені үнемі жетілдіруді керек етеді, оның мақсаты мұғалімдердің білімін көрсету, оларды есте сақтау және көшіру емес, білім алушылардың белсенді ойлау және практикалық іс-әрекет процесінде білімі мен дағдыларын өз бетінше игеру болып табылады. Оқытудың белсенді әдістері негізінен тәжірибе мен ақыл-ой белсенділігін арттыруға негізделген.

Онсыз білімді игеруде ілгерілеу болмайды. Оқытудың белсенді әдістерінің пайда болуы мен дамуы оқытуға жаңа міндеттер қою, оқушыларға білім беріп қана қоймай, танымдық қызығушылықтар мен қабілеттердің, шығармашылық ойлаудың қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз етеді [13].

Оқу процесі негізінен үнемі ойлау процессінің жетіліп отыруына негізделуі керек. Адам миы неғұрлым белсенді жұмыс істеген сайын оқу үдерісі соғұрлым қарқынды жүзеге асады. Ғалымдар адамның миы ақпаратты өңдеп, оны түсінуге мүмкіндік беретінін, ал мұғалімнің үздіксіз сөйлеуінен миға шамадан тыс аса көп ақпарат жүктелмейтіні және ол оқушылардың қызығушылығын жоғалтуға әкеліп соғатыны, сол сәтте оқытудың нәтижелілігі айтарлықтай төмендейтінін айтады. Ал белсенді оқыту әдістерін оқу процессінде қолдану, керісінше, белсенді іс-әрекет кезінде білім алушының мұғалім берген ақпараттың мәнін түсінуін, алған білімдерін есте сақтап, оларды қолдануды қамтамасыз етуді көздейді. Ғалымдар ми қызметінің дағдыларды игеру қабілетіне тек белсенді практикалық іс-шаралар арқылы қол жеткізуге болатындығын көрсетеді, яғни білім алушылар тек тыңдап қана қоймай, белсенді іс-әрекетте болуы керек. Мұндай іс-әрекет түрлері білім алушылардан өздері тапқан ақпаратты талдау және түсіндіру үшін зерттеу және жоспарлау дағдыларын, сондай-ақ болашақта дағдыларын жақсарту үшін басқа нәтижелерді пайдалануды, ізденіс және шығармашылық қабілеттерінің артуына әкеледі.

Оқыту мен оқудың белсенді әдістерін тандау, қолдану және дамыту оңай емес, өйткені мұғалімдер нақты әдістерді қолданудың алдында көптеген қиындықтарға тап болады:

- Бұл тапсырма оқушының жас ерекшелігіне сәйкес келе ме?
- Сыныпта қандай балалар жиналады, мысалы, қабілеттері мен деңгейлері әртүрлі, жас айырмашылықтары, және т. б.
- Жеке оқушылармен немесе топпен жұмыс кезінде ескерілу қажет белгілі бір мәселелер бар ма?

Белсенді оқытудың белгілі бір әдісін қолданбас бұрын, мұғалімдер өздеріне әртүрлі сұрақтар қойып, олардың осы процестегі рөлі мен әрекеттері туралы үнемі ойлануы керек. Іс-әрекетке негізделген белсенді оқыту әдісі жаңа білімді алдыңғы біліммен байланыстырады. Ондағы әртүрлі әдістер мен тәсілдер бізге өзімізді дамытуға, түсінігімізді жетілдіруге және біліміміз бен көзқарасымызды өзгертуге көмектеседі. Білім алушыларға эксперимент жүргізуге, тақырыптың мәнін түсінуге және теория мен практиканы ұштастыруға мүмкіндік беретін сонымен қатар тек жекелеген оқушы емес сынып белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін оқу тәжірибесі осы белсенді оқыту әдістері деп түсінеміз (2-кесте) .

2-кесте. Сынып белсенділігінің көрсеткіштері

Сыныптардың белсенділік көрсеткіші	
Белсенді сынып	Белсенді емес сынып

<p>-оқушылар бір-бірімен сөйлеседі; -мұғалімге және сыныптастарына сұрақ қояды; -жұмыс істеу үшін бөлме ішінде қозғалады; -оқушылар түсіндіреді; -оқушылар көрсетеді; -оқушылар бір-біріне жазбалар дайындайды; -мұғалім иүқият тыңдайды; -оқушылар бір-біріне бетпе-бет отырады; -оқушылар өздерін еркін ұстайды; -бір-бірімен ой бөліседі.</p>	<p>-мұғалім көп сөйлейді; -сұрақты мұғалім қояды; -мұғалім сыныпқа нұсқау беру үшін тақтаға жазады; -мұғалім түсіндіреді; -мұғалім көрсетеді; -мұғалім оқып тұрып, оқушылар жазады; -мұғалім тыныштықты талап етеді; -оқушылар тыныш тыңдайды; -мұғалім бөлме ішінде көп қозғалады.</p>
---	---

Белсенді әдіс - бұл мұғалім мен оқушылар сабақ барысында бір-бірімен өзара қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін оқыту әдісі. Егер дәстүрлі оқу жоспарында мұғалімнің негізгі тұлғасы жетекші рөл атқарса, онда белсенді әдісті қолданатын оқу жоспарында мұғалім мен оқушы бірдей деңгейде болады.

Оқытудың белсенді әдістері - бұл білім алушының қызметі өнімді, шығармашылық, іздеу сипатында болатын оқыту әдістері. Оқытудың белсенді әдістеріне ойындар, нақты жағдайларды талдау, проблемалық мәселелер мен есептерді шешу, жүйелік оқыту, ми шабуылы, кейс әдістері, проблемалық дәрістер және т.б. кіреді [14].

Қазіргі қарқынды дамып келе жатқан қоғамның жағдайына бейімделе алатын мамандарды даярлау үшін жоғары оқу орнының білім беру жүйесіне педагогикалық инновациялардың кең спектрін белсенді енгізу қажет. Оқу процесіне жаңа әдістерді енгізу міндетінің пайда болуы келесі себептерге байланысты:

- ғылымдардың дамуы, оның ішінде әлеуметтік өмірдің әртүрлі аспектілерін қамтитын қолданбалы аспектілері, нәтижесінде гипотезаларды әзірлеу, оңтайлы және сонымен бірге тривиалды емес шешімдерді табу, жобалау, модельдеу ЖОО түлектерінің кәсіби қызметінің негізгі дағдылары, ажырамас атрибуттары болып табылады;

- түлектерді ЖОО-да оқу кезінде болашақ кәсіби мамандануды саналы түрде таңдауға және оқу, өндірістік, дипломалды практикаларда қажетті құзыреттерді бекітуге ынталандыратын қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті еңбек нарығын қалыптастыру;

- әлеуметтік саланы, қызмет көрсету саласын динамикалық жетілдіру, жаңа әдістерді, әдістерді, технологияларды, әртүрлі қызмет түрлерін үнемі игеру қажеттілігін, проблемаларды шешудің тиімді әдістерін табуды талап етеді [15].

Қазіргі білім беру жүйесі болып жатқан өзгерістерге назар аудара отырып, дамудың ерекше инновациялық режиміне көшуі керек, онда бірқатар зерттеушілер атап өткендей, ұлттық білімінің ең жақсы дәстүрлерін сақтау

керек және сонымен бірге басқа елдердегі мамандарды даярлау жүйелерінің даму тенденцияларын ескеріп, отандық тәжірибені әлемдік нормалар мен стандарттармен байланыстыру қажет.

Білім беру процессін жаңарту аясындағы жаңа стандарттың ерекшелігі оның белсенді оқытуды қолдану сипаты болып табылады, ал ол өз кезегінде оқушының жеке басын дамытуды басты мақсат етеді. Білім беру жүйесі білім, білік және дағдыны дамыту бағыттарына басымдылық береді. Жаңа стандарттар сабақта оқу процесін ұйымдастыруға және басқаруға жаңа көзқарасты қажет етеді. Сондықтан заманауи мұғалімге түрлі білім беру технологиялары көмекке келеді. Осындай басым бағыттарға байланысты білім алушыларды сабақта мақсатқа бағытталған іс-әрекетке итермелейтін, командада жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға, үйреншікті қалыптан тыс ойлау және ден қою, идеяларды генерациялау, іздеуді жүзеге асыру, көпшілік алдында сөйлеу, ұстанымдарды қорғау және оқу міндеттерін шешуге ықпал ететін оқытудың белсенді әдістерін пайдалану қажеттілігі туындайды [16].

Бұл жағдайда мұғалімнің жұмысы шығармашылық тұрғыдан жан-жақты бола бастайды, өйткені материалды ұсынудың жаңа әдістері мен тәсілдері мұғалімнен ерекше күш-жігерді қажет етеді, нәтижесінде оқушы материалды игеріп қана қоймай, белгілі бір құзыреттіліктерді игереді. Мұғалімге барған сайын маңызды міндеттер жүктеледі, өйткені мұғалім жаңа оқу стандарттары бойынша жұмыс істейді, онда білім беру минимумы, білім алушылар игеруі керек оқу нәтижелері көрсетілген [17].

1.2 Физика курсы жаңартылған білім беру мазмұнында белсенді әдістерді пайдаланып оқытудың қазіргі әлеуеті

Физика курсы бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасы білім алушыларға ХХІ ғасырдың қарқынды дамып келе жатқан зияткерлік және технологиялық ортасында жетістікке жету үшін қажетті дағдыларды меңгеруге бағытталған. Олар білім алушыларды сыни тұрғыдан ойлау, топпен жұмыс жасау, ақпаратты өңдеу және проблемаларды шешу сияқты көптеген жоғары деңгейлі дағдыларды өздігінен игеруге дайындайды және ынталандырады. Бұл дағдыларды жоғары деңгейде меңгеру физика курстарында проблемаларды шешуге, бірлескен зерттеулерге және ғылыми зерттеу жүргізу дағдыларына баса назар аудара отырып, жоғары деңгейлі ойлау қабілеттерін дамытуды көздейді. Бүгінгі жағдайда, бұл ХХІ ғасырдағы қарқынды прогреске ілесу үшін білім алушылардың өз бетінше оқу және коммуникативті дағдыларының жоғары болуы, оқу процессінде тәжірибеге бағытталған іс әрекеті, алған білімдерін өмірде қолдана білу қабілеті ерекше маңызды.

Жалпы білім беру барысында оқытушы оқу іс-әрекетін дамытуға ықпал ететін тиісті дағдыларды, оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың тиісті әдістері мен тәсілдерін және оқу материалдарын сәтті игеруге және бекітуге көмектесетін әдістер мен құралдарды таңдауға әкелетін сыныптағы жағымды атмосфераны дамыту қажет. Бүгінгі таңда мұғалімдердің белгілі бір міндеттерді сәтті

орындаудың тиімді құралдарын қолдану үшін тиімді тәсілдер бар. Бірақ іс жүзінде белгілі және дәлелденген басқа әдістердің ішінде оқытудың тиімді әдістерін бөліп көрсету, оларды анықтау және сипаттау қажет. Тиімді белсенді әдістер мен тәсілдерге келетін болсақ, олардың педагогикалық практикада пайда болу себептері туралы айту керек:

- оқу процесіне төмен мотивация және қызығушылық;
- білім алушылардың оқытуды дербес ұйымдастыруы әлсіз;
- қатысушылардың топтық іс-шараларға қызығушылығы төмен;
- білімгерлердің коммуникативтік дағдыларының нашар ұйымдастырылуы;
- сыныпта ынтымақтастық пен жұмыстың белгілі бір түрлерін қабылдауға психологиялық дайындықтың болмауы және т. б. ;

Осы және басқа да көптеген мәселелерде өзін-өзі дамытудың жеке байланысына «кедергі» жасай отырып, мұғалімдер оқытудың тақырыптары мен жеке нәтижелерін дамытуға ықпал ететін осы мәселелерді шешуге қолайлы білім беру ынтымақтастығын ұйымдастырудың технологиялары мен әдістерін қолдануы керек, өйткені білім берудің бүгінгі мақсаты мен міндеті оқушылардың өзін-өзі дамытуға деген ынтымақын арттыру болып табылады [18].

Белсенді оқыту әдістері эксперименталды түрде анықталған фактілерге негізделген. Білім алушы материалмен жұмыс істей отырып, оқу процесіне қатыса отырып, диаграммаға сәйкес уақыт бірлігіне сабақта оқу арқылы білімнің 10% - ын, демонстрация арқылы 30%-ын және практикада қолдану арқылы 75%-ын игереді (1-сурет)



1-сурет- Білім беру процессінде білім алушының іс-әрекет арқылы алатын ақпаратының пайызы

- уақыт бойынша-білім алушының жеке психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес материалдарды зерделеуге регламенттелген уақыт аралығының өзгеруіне жол беру.

Икемділік қағидаты білім алушылардың талаптары мен сұраныстарын ескере отырып, динамикалық өзгертін білім беру кеңістігін іске асыруға негізделген. Бұл принцип процеске қосымша түзетулер енгізуге және жұмыс бағытын өзгертуге мүмкіндік береді. Мұндай білім беру процесін жүзеге асырудың нұсқалары оның қажеттіліктері мен маңызды компоненттерін ескере отырып, қоғамның әлеуметтік тапсырысына сәйкес құрылуы керек. Бұл принцип жоғары білім беру жүйесінде кеңінен қолданылады. Элективтілік қағидаты білім алушыларға жеке білім беру бағытын таңдауға, жеке тұлғаның

жеке сипаттамаларына барынша сәйкес келетін саладан мамандық, пәнді таңдауға мүмкіндік береді [37].

Контексттік қағидаты -мазмұнға бағыну, болашақ мамандықты таңдаудың мазмұны мен шарттарын оқыту. Нәтижесінде білім алушы белгілі бір мақсаттарға жету құралы ретінде өзінің дағдылары мен қабілеттеріне бейімделе және қабылдай алады. Бұл жағдайда мұғалімнің жұмысы пропедевтикалық сипаттағы білімнің тиісті мазмұнын таңдау болып табылады, онда білім алушылар өз мүмкіндіктерін қарастырып, өз таңдауын болжай алады.

Ынтымақтастық қағидаты белгілі бір коммуникативтік дағдылар мен әрекеттерді, командада жұмыс істей білуді, сондай-ақ ұжымдағы рөлдерді сауатты және нақты анықтауды қамтиды. Бұл жағдайда мұғалім ынтымақтастық принципін жүзеге асыра отырып, білім беру процесін білімгерлер командалық жұмыс режимінде болатындай, ұжымдық білім беру өнімін құратындай, міндеттерді нақты бөліп, өз іс-әрекеттері туралы қорытынды жасайтындай етіп құруы керек [37].

Алайда, физикадан білімді меңгеру үдерісін артыруда, олардың қызығушылығы мен уәждемесін жетілдіруде, кері байланысты қолдану, қарым-қатынас құруға негізделген дәстүрлі дәрістің (бір жақты пікір, көзқарас, позиция, шешім келтіретін) мүмкіншіліктері жеткіліксіз болып табылады.

Белсенді оқытудаға кері байланыс дегеніміз дәрістің соңында білімалушыларға бірнеше сұрақтар қойып, олардың ойлауларын, қандай сұрақтары бар екендігін, бүгінгі дәріс туралы пікірлерін анықтау мақсатында жүргізіледі. Бұл жауаптар алдағы дәрістерді жоспарлауда қолданып, келесі дәріс сабақтарында білімалушылардың пікірлері негізінде атқарылады.

Оқушылардың қажеттіліктерін анықтау және қанағаттандыру жаңартылған білім беру бағдарламасының оқу жоспарын рәсімдеуде маңызды болып табылады. Дробахина А.Н және басқа авторлар мұндай тәсіл оқушылардың үлгеріміне жағымды ықпал етіп, оң нәтиже беретінін айтады және мұны бірқатар танымдық талдаулар да дәлелдейді. Бірінші кезекте оқушылардың күшті жақтары мен олар кездестіретін қиындықтарды анықтап алу қажет. Бұл көп жағдайда оқушылардың ауызша жауаптарын бақылау арқылы және жазбаша жұмыстарын оқып тексеру арқылы жүзеге асады. Сонымен қоса, бұл ақпарат әр оқушының үлгеріміне көмектесетін жаттығуларды жоспарлау үшін пайдаланылады. Бұл үдерісті табысты етуге көмектесетін бірқатар элементтер бар:

- мұғалімдер оқушылардың қателік жіберуге қорықпай, тәуекелге бару мәдениетін қолдайды;
- мұғалімдер оқушыларға өз жұмысының сапасын бағалау тәсілдерін ойлап табуға көмектесу мақсатында барлық оқушылармен қарым-қатынас жасайды;
- мұғалімдер оқушылардың оқу мақсаттарына жетуіне мүмкіндік беру үшін оқу мақсаттарын белгілеу арқылы, мақсатқа жетуді бақылау және оқытуды түзету арқылы оқу үдерісінің ашықтығын қамтамасыз етеді;

- мұғалімдер әртүрлі оқушылардың түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқушылардың түсінуін бағалау тәсілдері мен оқытудың әртүрлі әдістерін үйлестіре қолданады;

- мұғалімдер оқушылардың жұмыстары туралы ауызша және жазбаша кері байланыс ұсынады, бұл кері байланыс уақтылы, айқын болып, нақты критерийлерге негізделеді .

Мұғалімдердің кері байланыс көмегімен және модельдеу, көрсету, сұрақ қою, бақылау, танымдық ойын түрлерін қолдану арқылы оқушылардың оқу жетістіктерінің ілгерілеуіне үнемі қолдау көрсетуі керек. Оқушылардың пән бойынша терең білім алуы мұғалімдердің дағдыларына да байланысты, яғни олар оқушылардың жаңа білімдерін бұған дейінгі білімдерімен ұштастыра алуын бақылай білулері маңызды. Бұл үдеріс әр оқушының жеке дағдысы мен қабілеттеріне байланысты әртүрлі болады. Сол себепті мұғалімдер әр оқушы үшін оқу үдерісінің келесі қадамдарын анықтап, әрі қарай ілгерілеуіне септігін тигізу үшін жекелеген оқушыларды үнемі бағалап отыруы керек. Бақылай отырып, оқудың келесі қадамдарын анықтау үшін ақпаратты пайдалану тәсілі метаталдаудың көмегімен білім беру шараларының табысты түрлерінің бірі ретінде танылып, соңғы 20 жыл ішінде халықаралық деңгейде мойындалып отыр.

«Физика» пәні бойынша оқу бағдарламасы оқушылардың бұрын меңгерген білімдері мен дағдыларын жетілдіруге, сонымен қатар, жаңа түсініктерді қалыптастырып, оқу қабілеттерін дамытуға бағдарланған. Пәннің оқу бағдарламасы оқушылардың төменде аталған мүмкіндіктерін дамытуды көздейді:

- зерттеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беру;
- кез келген қабылданатын ақпаратқа сын тұрғысынан қарап, талдай білу дағдысын белсенді дамыту;
- өзіндік рефлексияға және тәуелсіз, өз бетінше ойлануға ынталандыру;
- қазір және келешекте кез келген өмірлік жағдайда кездесуі мүмкін негізгі жаһандық проблемаларды түсінуге және оларға сәйкес әрекет ете білуге ынталандыру .

Оқушылардың оқу үдерісінде әртүрлі ғалымдардың физика саласындағы соңғы жетістіктерін, пәнаралық байланыстағы қосымша ақпараттарды қолдана отырып, физикалық заңдылықтар мен құбылыстарды мүлдем жаңаша, терең түсіне отырып, жан-жақты білім алу мүмкіндігіне ие болады. Белсенді оқыту әдісі арқылы оқыту үдерісінде болашақ физика мұғалімдерінің білімді жинақтау, бір пәннен алынған білімді басқа пәнде қолдану, алған білімдерін біріктіруге, пәнге деген қызығушылығын белсендендіруге, заман талабына сай негізгі құзыреттіліктерінің, әсіресе, пәндік және коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік туады.

Біздің зерттеу бағытымызға сәйкес жаңартылған оқыту бағдарламасы бойынша физиканы оқытуда белсенді оқыту әдістерін қолдану тиімділігін көрсету үшін алдарыңызға зерттеу объектісі ретінде алынған 8 сыныптың ұзақ мерзімді жоспарын ұсынып отырмыз (4-кесте).

4-кесте. Күнтізбелік тақырыптық жоспар, 8 сынып.

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Тақырып/ Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі мазмұны	Оқу мақсаттары	Сағат саны
1-тоқсан			
Жылу құбылыстары (11 с)	Жылулық қозғалыс, броундық қозғалыс, диффузия	8.3.1.1 – молекула-кинетикалық теорияның негізгі қағидаларын дәлелдейтін мысалдар келтіру және тәжірибені сипаттау	1
	Температура, оны өлшеу тәсілдері, температураның шкалалары	8.3.1.3 – температураны өлшеуді жылулық ұлғаю негізінде сипаттау; 8.3.1.2 – температураны әр түрлі шкала (Цельсий, Кельвин) бойынша өрнектеу	1
	Ішкі энергия, ішкі энергияны өзгерту тәсілдері	8.3.2.1 – дененің ішкі энергиясын өзгерту тәсілдерін сипаттау;	1
	Жылуөткізгіштік, конвекция, сәуле шығару	8.3.2.2 – жылу берілудің түрлерін салыстыру	1
	Табиғаттағы және техникадағы жылу берілу	8.3.2.3 – техникада және тұрмыста жылу беру түрлерінің қолданылуына мысалдар келтіру	1
	Жылу құбылыстарының тірі ағзалардың өмірлеріндегі ролі	8.3.2.4 – әр түрлі температуралар датірі ағзалардың бейімделуіне мысалдар келтіру	1
	Жылу мөлшері. Заттың меншікті жылу сыйымдылығы	8.3.2.5 – жылу алмасу процесі кезінде алған немесе берген жылу мөлшерін анықтау; 8.3.2.6 – заттың меншікті жылу сыйымдылығының мағынасын түсіндіру	1
	Отынның энергиясы. Отынның меншікті жану жылуы	8.3.2.7 – отынның жануы кезінде бөлінген жылу мөлшерін анықтау. Отынның жануы кезінде бөлінген жылу мөлшерінің формуласын есептер шығаруда қолдану	1
	Жылу үдерістеріндегі энергияның сақталу және айналу заңы	8.3.2.9 – жылулық тепе-теңдік теңдеуін есептер шығаруда қолдану	2
8.1 В Агрегаттық күйлер (4 с)	Қатты денелердің балқуы және қатаюы, балқу температурасы, меншікті балқу жылуы	8.3.1.4 – молекула-кинетикалық теория негізінде қатты күйден сұйыққа және кері айналуы сипаттау; 8.3. – балқу/кристалдану кезіндегі жұтылатын/бөлінетін жылу мөлшерінің формуласын есептер шығаруға қолдану; 8.3. – заттың балқу және қатаю үдерісі кезіндегі температураның уақытқа тәуелділік графигін талдау	1
	№ 2 зертханалық жұмыс. «Мұздың меншікті балқу жылуын анықтау»	8.3. – эксперимент көмегімен мұздың меншікті балқу жылуын анықтау; 8.1.3.3 – физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау	1
	Булану және конденсация. Қаныққан және қанықпаған булар	8.3.1.5 – молекула-кинетикалық теория негізінде заттың сұйық күйден газ күйіне және кері айналуын сипаттау; 8.3. – заттың булану және конденсация үдерісі кезіндегі температураның уақытқа тәуелділік графигін талдау; 8.3. – су буының мысалы негізінде қанығу күйін сипаттау	1

4-кестенің жалғасы

	Қайнау, меншікті булану жылуы. Қайнау температурасының атмосфералық қысымға байланыстылығын анықтау	8.3. – меншікті булану жылуын анықтау; 8.3.– қайнау температурасының сыртқы қысымға тәуелділігін түсіндіру	1
Тоқсандық жиынтық бағалау			1
2-тоқсан			
8.2 А Термодинамика негіздері (8 с)	Термодинамиканың бірінші заңы, газдың және будың жұмысы	8.3. – термодинамиканың бірінші заңының мағынасын түсіндіру	2
	Жылу үдерістерінің қайтымсыздығы, термодинамиканың екінші заңы	8.3. – термодинамиканың екінші заңының мағынасын түсіндіру	2
	Жылуқозғалтқыштары	8.3. жылуқозғалтқыштарындағы энергияның түрленуін сипаттау; 8.3. – іштен жану қозғалтқышының, бутурбинасының жұмыс істеу принципін сипаттау	1
	Жылу қозғалтқыштарының пайдалы әрекет коэффициенті	8.3. – жылу қозғалтқышының пайдалы әрекет коэффициентін анықтау; 8.3. – жылу қозғалтқыштарын жетілдіру жолдарын ұсыну	2
	Жылу машиналарын пайдаланудағы экологиялық мәселелер	8.3. жылу машиналарының қоршаған ортаның экологиясына әсерін бағалау	1
8.2 В Электростатика негіздері (7 с)	Денелердің электрленуі, электр заряды, өткізгіштер мен диэлектриктер	8.4.1.1 - электр зарядын сипаттау; 8.4.1.2– Үйкеліс және индукция арқылы электрлену құбылысын түсіндіру; 8.4.1.3 электрленудің оң және теріс әсеріне мысалдар келтіру;	1
	Электр зарядының сақталу заңы, қозғалмайтын зарядтардың өзара әрекеттесуі, Кулон заңы, элементар электр заряды	8.4.1.4 электр зарядының сақталу заңын түсіндіру; 8.4.1.5 - Кулон заңын есептер шығаруда қолдану;	2
	Электр өрісі, электр өрісінің кернеулігі	8.4.1.6 - электр өрісі ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру және оның күштік сипаттамасын анықтау; 8.4.1.7 – біртекті электростатикалық өрістегі зарядқа әсер етуші күшті есептеу; 8.1.4.8 - электр өрісін күш сызықтары арқылы графикалық кескіндеу;	2
	Электр өрісінің потенциалы және потенциалдар айырымы, конденсатор	8.4.1.9 – потенциалдар айырымының және потенциалдың физикалық мағынасын түсіндіру; 8.4.– конденсаторлардың құрылысын және қолданылуын сипаттау	2
Тоқсандық жиынтық бағалау			1
3-тоқсан			
8.3 А Тұрақты электр тогы (14 с)	Электр тогы, электр тогы көздері	8.4.2.1 – электр тогы ұғымын және электр тогының пайдалану шарттарын түсіндіру	1
	Электр тізбегі және оның құрамд бөліктері, ток күші, кернеу	8.4.2.2– электр схемасын графикалық бейнелеуде электр тізбегі элементтерінің шартты белгілерін қолдану; 8.4.2.3 - кернеудің физикалық мағынасын, оның өлшем бірлігін түсіндіру	1

4-кестенің жалғасы

	№ 3 зертханалық жұмыс. «Электр тізбегін құрастыру және оның әртүрлі бөліктеріндегі ток күші мен кернеуді өлшеу»	4.2.4 – электр тізбегіндегі ток күші мен кернеуді анықтау; 8.1.3.3 – физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау	1
	Өткізгіштің электр кедергісі, өткізгіштің меншікті кедергісі, реостат	8.4.2.7– кедергінің физикалық мағынасын, оның өлшем бірлігін түсіндіру; 8.4.2.8 – есеп шығарғанда өткізгіштің меншікті кедергісінің формуласын қолдану	1
	№ 4 зертханалық жұмыс. «Тізбек бөлігі үшін ток күшінің кернеуге және кедергіге тәуелділігін зерттеу»	8.4.2.5–сипаттамасын графикалық түрде бейнелеу және түсіндіру; 8.1.3.1 – эксперименттен деректерді жинақтау, талдау және қателіктерін ескеріп жазу 8.1.3.3 – физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау	1
	Тізбек бөлігі үшін Ом заңы	8.4.2.6 – тізбек бөлігі үшін Ом заңын есептер шығаруда қолдану;	1
	Өткізгіштерді тізбектей және параллель жалғау.	8.4. –өткізгіштерді тізбектей және параллель жалғауда тізбек бөлігі үшін Ом заңын қолданып, электр тізбектеріне есептеулер жүргізу	1
	№ 5 зертханалық жұмыс. «Өткізгіштерді тізбектей қосуды зерделеу»	8.4.2.9 – өткізгіштерді тізбектей жалғаудың заңдылықтарын эксперимент арқылы алу; 8.1.3.3 – физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау	1
	№ 6 зертханалық жұмыс. «Өткізгіштерді параллель қосуды зерделеу»	8.4. – өткізгіштерді параллель жалғаудың заңдылықтарын эксперимент арқылы анықтау; 8.1.3.3 – физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау	1
	Электр тогының жұмысы мен қуаты. Электр тогының жылулық әсері, Джоуль-Ленц заңы	8.4. – жұмыс және қуат формулаларын есептер шығаруда қолдану 8.4. – Джоуль-Ленц заңын есептер шығару үшін қолдану;	1
	№ 7 зертханалық жұмыс. «Электр тогының жұмысы мен қуатын анықтау»	8.4.– эксперимент көмегімен электр тогының жұмысы мен қуатын анықтау; 8.1.3.3– физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау 8.4. – кВт*сағ өлшем бірлігін қолданып, электр энергиясының құнын практика жүзінде анықтау;	1
	Металдардағы электр кедергісінің температураға тәуелділігі, асқын өткізгіштік.	8.4. – металл өткізгіштердегі электр тогын және оның кедергісінің температураға тәуелділігін сипаттау	1
	Электр қыздырғыш құралдар, қыздыру шамдары, қысқа тұйықталу, балқымалы сақтандырғыштар.	8.4. – қысқа тұйықталудың пайда болу себептерін және алдын алу амалдарын түсіндіру;	1
	Электр тогының химиялық әсері (Фарадейдің заңы)	8.4. – сұйықтардағы электр тогын сипаттау.	1
8.3 В Электром агниттік құбылыстар (5 с)	Тұрақты магниттер, магнит өрісі. № 8 зертханалық жұмыс. «Тұрақты магниттің қасиеттерін оқып-үйрену және магнит өрісінің бейнесін алу»	8.4.3.1 – магниттердің негізгі қасиеттеріне сипаттама беру және магнит өрісін күш сызықтары арқылы бейнелеу;	1

4-кестенің жалғасы

	Тоғы бар түзу өткізгіштің магнит өрісі. Тоғы бар шарғының магнит өрісі	8.4.3.2 – магнит өрісінің сипаттамаларын түсіндіру; 8.4.3.3 – тоғы бар түзу өткізгіштің және соленоидтің айналасындағы өріс сызықтарының бағытын анықтау	1
	Электромагниттер және оларды қолдану. № 9 зертханалық жұмыс. «Электромагнитті құрастыру және оның әсерін сынау»	8.4.3.4 – жолақ магнит пен соленоидтың магнит өрістерін салыстыру; 8.1.3.3 – физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау	1
	Магнит өрісінің тоғы бар өткізгішке әрекеті, электрокозғалтқыш, электр өлшеуіш құралдар	8.4.3.5 – магнит өрісінің тоғы бар өткізгішке әсерін сипаттау; 8.4.3.6 – электр козғалтқыштың және электр өлшеуіш құралдардың жұмыс істеу принципін түсіндіру	1
	Электромагниттік индукция, генераторлар	8.4.3.7 – электромагниттік индукция құбылысын түсіндіру; 8.4.3.8 – Қазақстанда және дүние жүзінде электр энергиясын өндірудің мысалдарын келтіру	1
Тоқсандық жиынтық бағалау			1
4-тоқсан			
8.4 А Жарық құбылыстары (15 с)	Жарықтың түзу сызықты таралу заңы.	8.5.1.1 – Күннің және Айдың тұтылуын графикалық бейнелеу;	1
	Жарықтың шағылуы, шағылу заңдары, жазық айналар	8.5.1.2 – эксперимент арқылы түсу және шағылу бұрыштарының тәуелділігін анықтау; 8.5.1.3 – айналық және шашыранды шағылудың мысалдарын келтіру және түсіндіру; 8.5.1.4 – жазық айнада дененің кескінін алу және оны сипаттау	2
	Сфералық айналар, сфералық айна көмегімен кескін алу	8.5.1.5 – дененің кескінін алу үшін сфералық айнада сәуленің жолын салу және алынған кескінді сипаттау	1
	Жарықтың сынуы, жарықтың сыну заңы	8.5.1.6 – жазық параллель пластинада сәуленің жолын салу; 8.5.1.7 – жарықтың сыну заңын пайдаланып есептер шығару;	2
	№ 10 зертханалық жұмыс. «Шынының сыну көрсеткішін анықтау»	8.5.1.9 – экспериментте шынының сыну көрсеткішін анықтау; 8.5. – сыну көрсеткішінің анықталған мәнін кестелік мәндермен салыстыру және эксперимент нәтижесін бағалау	1
	Толық іштей шағылу	8.5.1.8 – тәжірибеге сүйене отырып толық ішкі шағылу құбылысын түсіндіру	1
	Линзалар, линзаның оптикалық күші, жұқа линзаның формуласы. Линзаның көмегімен кескін алу	8.5. – жұқа линза формуласын есептер шығару үшін қолдану; 8.5. – линзаның сызықтық ұлғаю формуласын сандық және графикалық есептер шығару үшін қолдану; 8.5. – жұқа линзада сәуленің жолын салу және кескінге сипаттама беру	2
	№ 11 зертханалық жұмыс. «Жұқа линзаның фокустық қашықтығын және оптикалық күшін анықтау»	8.5. – жұқа линзаның фокустық қашықтығын және оптикалық күшін анықтау; 8.1.3.3 – физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау	1
	Көз - оптикалық жүйе, көздің көру кемшіліктері және оларды түзету әдістері	8.5. – көздің алыстан көргіштігі мен жақыннан көргіштігін түзетуді сипаттау	2





4-кестенің жалғасы




Оптикалық аспаптар	8.5. – қарапайым оптикалық құралдарды (перископ, Обскура камерасы) құрастыру	2
Тоқсандық жиынтық бағалау		1

Сонымен қатар назарларыңызға 8 сыныпта өтілетін «Жарық құбылыстары» бөлімінен бір сабақтың қысқа мерзімді жоспарын ұсынамын (5-кесте).

5-кесте. 8 сынып. Қысқа мерзімді жоспар

Сабақтың тақырыбы:	Линзалар. Линзаның оптикалық күші. Жұқа линзаның формуласы. Линзаның көмегімен кескін алу.																												
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	8.5.1.11- жұқа линза формуласын есептер шығару үшін қолдану; 8.5.1.12 – линзаның сызықтық ұлғаю формуласын сандық және графиктік есептер шығару үшін қолдану. 8.5.1.13 – жұқа линзада сәуленің жолын салу және кескінге сипаттама беру.																												
Сабақтың мақсаты	<p>Барлық оқушылар үшін: Линзалар. Линзаның оптикалық күші. Жұқа линзаның формуласы. Линзаның үлкейтуі туралы жалпы мағлұмат алады.</p> <p>Оқушылардың басым бөлігі үшін: Жұқа линзаның формуласын, сызықтық ұлғаю формуласын қолданып, белгісіз шамаларды анықтайды, сандық және графиктік есептер шығарады.</p> <p>Кейбір оқушылар үшін: Линзаның сызықтық ұлғаю формуласын пайдаланып, сандық және графиктік есептер шығарып, линза көмегімен әртүрлі кескіндерді алуға болатындығын түсінеді.</p>																												
Бағалау критерийі	<ul style="list-style-type: none"> ● Линзаның оптикалық күші. Жұқа линзаның формуласы. Линзаның үлкейтуінің формулаларын біледі. ● Жұқа линза формуласын, оптикалық күшін, линзаның үлкейтуін есептер шығару үшін қолданады. ● Жұқа линзада сәуленің жолын салады және кескінге сипаттама береді ● Жұқа линзаға байланысты графиктік есептер шығарады. 																												
Тілдік мақсаттар	<p>Бөлімнің ұғымдары мен терминдерін түсінеді және қолданады. Физикалық терминдердің айтылым, жазылым, оқылымын үш тілде көрсету, оқушының есте сақтау қабілетін қалыптастыру.</p> <p>Пәндік терминдер бойынша сөздік:</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>қазақша</th> <th>орысша</th> <th>ағылшынша</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Линза</td> <td>линза</td> <td>lens</td> </tr> <tr> <td>Линзаның бас оптикалық осі</td> <td>Головной оптический ось линзы</td> <td>lens bass optical axis</td> </tr> <tr> <td>Линзаның оптикалық центрі</td> <td>Оптический центр линзы</td> <td>lens optical centre</td> </tr> <tr> <td>Линзаның бас фокусы</td> <td>Головной фокус линзы</td> <td>focus</td> </tr> <tr> <td>Линзаның фокус аралығы</td> <td>Фокусные расстояние линзы</td> <td>focal length of the lens</td> </tr> <tr> <td>Фокальдық жазықтық</td> <td>Фокальная плоскость</td> <td>Focol plane</td> </tr> <tr> <td>Линзаның оптикалық күші</td> <td>Оптическая сила линзы</td> <td>Power of the lens</td> </tr> <tr> <td>Сызықтық ұлғайту</td> <td>Линейное увеличение</td> <td>Linear magnification</td> </tr> </tbody> </table>		қазақша	орысша	ағылшынша	Линза	линза	lens	Линзаның бас оптикалық осі	Головной оптический ось линзы	lens bass optical axis	Линзаның оптикалық центрі	Оптический центр линзы	lens optical centre	Линзаның бас фокусы	Головной фокус линзы	focus	Линзаның фокус аралығы	Фокусные расстояние линзы	focal length of the lens	Фокальдық жазықтық	Фокальная плоскость	Focol plane	Линзаның оптикалық күші	Оптическая сила линзы	Power of the lens	Сызықтық ұлғайту	Линейное увеличение	Linear magnification
қазақша	орысша	ағылшынша																											
Линза	линза	lens																											
Линзаның бас оптикалық осі	Головной оптический ось линзы	lens bass optical axis																											
Линзаның оптикалық центрі	Оптический центр линзы	lens optical centre																											
Линзаның бас фокусы	Головной фокус линзы	focus																											
Линзаның фокус аралығы	Фокусные расстояние линзы	focal length of the lens																											
Фокальдық жазықтық	Фокальная плоскость	Focol plane																											
Линзаның оптикалық күші	Оптическая сила линзы	Power of the lens																											
Сызықтық ұлғайту	Линейное увеличение	Linear magnification																											

Құндылықтарға баулу	Жалпыға бірдей еңбек қоғамы: еңбек және шығармашылық; ынтымақтастық; өмір бойы білім алу Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсу: еңбек және шығармашылық; өмір бойы білім алу;	
Пәнаралық байланыс	Геометрия,математика,биология,орыс тілі,ағылшын тілі, астрономия.	
Тақырып бойынша алдыңғы білім	6 класта биология сабағында микроскопты,көзілдірікті пайдаланғанда линзамен ,7 класта астрономия бөлімінде телескоппен танысты.	
Сабақ барысы		
Сабақтың жарияланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>I.Ұйымдастыру кезеңі: Амандасу,оқушыларды түгендеу,назарларын сабаққа аудару.</p> <p>II. Ынтымақтастықты қалыптастыру. Психологиялық ахуал туғызу: «Шаттық шеңбері»-оқушылар шеңбер жасап тұрып,оң жақтағы көршісіне жантайып,иықтарын түйістіріп,жақсы тілек айтады.</p> <p>III. «Мозайка» әдісін пайдаланып,тақырыпқа сай сынып оқушыларын топқа бөлу.</p> <p>IV.Ұй тапсырмасын тексеру: «Аяқталмаған ой »әдісі арқылы өткен сабақ бойынша топтық жұмыс жасайды. Әр топқа екі тапсырмадан беріледі. 1.Екі ортаны бөлетін шекараға перпендикуляр түсетін жарық шоғы.....(сынбайды,шекарадан әрі қарай өтіп кетеді) 2.Жарық шоғы тығызырақ ортадан(шыны),тығыздығы азырақ ортаға (ауаға)өткенде,.....(таралу жылдамдығы артады) 3.Сәулелің түсу бұрышымен салыстырғанда сыну бұрышыда артады.Бұл жағдайда сыну заңы.....($\frac{\sin\alpha}{\sin\gamma} = \frac{1}{n}$) 4.Түсу бұрышы артқан сайын,екі ортаны бөлетін шекарада сыну болмайды,яғни $\sin\gamma = \sin 90^\circ = 1$ болғандықтан, бұл құбылыс.....(толық ішкі шағылу деп аталады) 5.Толық ішкі шағылу болатын бұрыш(сындық немесе α шектік бұрыш деп атайды). 6.Толық шағылудың шектік бұрышы $\sin\alpha = \frac{1}{n}$ 7.Жарықтың толық шағылу құбылысы қандай жағдайда байқалады..... 8.Жарықтың толық шағылу құбылысының мәні</p> <p>ҚБ:Бірін бірі бағалайды, дұрыс жауаппен түзету жасайды. Смайликтер арқылы бағалайды.</p> <p>Ой қозғау әдісін қолданып, оқушылардың назарын топтың аттарына аударамын.Осы құралдардың негізгі бөлігі неден тұрады деп ойлайсындар?Суреттер бойынша сабақтың тақырыбын анықтайды.Олай болса, бүгінгі сабақтың тақырыбы: Линзалар.Линзаның оптикалық күші.Жұқа линзаның формуласы. Линзаның көмегімен кескін алу. «Топпен талқылау» әдісі бойынша оқулықтағы тақырыпты топпен талқылау. 1 топ: Линзалар. Линзаның оптикалық күші. 2 топ: Линзаның оптикалық күші. 3 топ: Линзада кескін алу. 4 топ: Жұқа линзаның формуласы. Линзаның сызықтық үлкейтуі.</p>	<p>Суреттерді қою</p>     <p>Оқулық</p>

	<p>«Түртiп алу» әдiсiн пайдаланып оқулықпен жұмыс жасай отырып ,дәптерге негiзгi түйiндердi жазады.Линзаның анықтамасы.Линзаның түрлерi.Линзаны сипаттайтын негiзгi шамалар.Линзаның оптикалық күшiнiң формуласы, өлшем бiрлiктерi.Жұқа линзаның формуласы.F,f,d-шамалар туралы.Линзада кескiн алу үшiн пайдаланылатын сәулелердiң қасиеттерi.</p> <p>ҚБ: «Конверт - сұрақ»әдiсiн пайдаланып, осы тақырыпты ашатын анықтамаларды қайталайды. Линза дегенiмiз не? Линза түрлерi,бiр-бiрiнен айырмашылығы қандай?Линзаның үлкейтуi неге тең?Жұқа линзаның формуласын жаз. Линзада кескiн алу жолдары және кескiннiң түрлерi.</p> <p>ҚБ:</p>  <p>Линзалар, жинағыш және шашыратқын линзалар туралы оқушылардың алдыңғы сабақтағы бiлiмiн тексеру.</p> $\frac{1}{d} + \frac{1}{f} = \frac{1}{F} \quad D = \frac{1}{F}$ <p>Жұптық жұмыс: «Сызбалар сөйлейдi» әдiсi арқылы сызбаларды түсiндiру</p> 	
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Кiм шапшаң әдiсi (Сағат тiлiмен алмасады, мен берген жауап бойынша тексередi)</p> <p>I топ: Линзаның фокустық қашықтығы 8 см.Линзаның оптикалық күшi неге тең.</p> <p>II топ: Линзаның оптикалық күшi 2 дптр.Линзаның фокустық қашықтығы қандай?</p> <p>Дескриптор: 1.Есептiң шартын жаза алады. 2. Өлшем бiрлiктi ХБЖ-не түрлендiредi. 3. Формуланы пайдаланып, есеп шығарады.</p>	<p>I топ: D = 12,5 дптр</p> <p>II топ: F = 0,5 м</p> <p>III топ: F = 0,1м</p> <p>IV топ: f = 0,1м.</p>

	<p>3 топ: Линзадан 15см қашықтықтағы нәрсенің шын кескіні линзадан 30см қашықтықта алынған екі жақты дөңес линзаның фокустық қашықтығын анықта.</p> <p>4 топ: Фокустық қашықтығы 10см болатын екі жақты ойыс линзадан 12см қашықтықта нәрсе орналасқан. Оның кескіні линзадан қандай қашықтықта болады? Линзаның үлкейтуін табындар.</p> <p>Дескриптор: 1. Есептің шартын жаза алады. 2. Өлшем бірлікті ХБЖ-не түрлендіреді. 3. Жұқа линзаның формуласын жазады. 4. Негізгі формуланы түрлендіріп, белгісіз шаманы табады. 5. Формуланы пайдаланып, есеп шығарады.</p> <p>1,2 топ: Егер нәрсе екі еселенген фокус аралығынан тысқары орналасса, онда жұқа жинағыш линза көмегімен алынған кескін қандай? Қайда қолданылады?</p> <p>Жауап: Кішірейтілген, төңкерілген, шын. Фотоаппаратта қолданылады.</p> <p>3,4 топ: Егер нәрсе бас фокус пен екі еселенген фокус аралығында болса, онда жұқа жинағыш линза көмегімен алынған кескін қандай? Қайда қолданылады?</p> <p>Жауап: Үлкейтілген, төңкерілген, шын. Проекциялық аппаратта қолданылады.</p> <p>Дескриптор: 1. Негізгі 3 сәулені пайдаланады. 2. Сызбасын сызады. 3. Кескіннің түрін анықтайды. 4. Қайда қолданылатынын біледі.</p> <p>ҚБ: Дескриптор арқылы топтар бірін бірі бағалайды.</p>	<p>«Бірінді – бірін тексер» бағалауы бойынша әр топ бір-бірін бағалайды.</p> <p>Дескриптор бойынша жасалынған дайын жұмыстар тақтаға шығарылады.</p>																				
<p><i>Сабақтың соңы</i></p>	<p>Бекіту: «Сәйкестендіру тест» әдісі</p> <p>I топ:</p> <table border="1" data-bbox="488 1229 1243 1426"> <tr> <td>1. Дөңес линза</td> <td>диоптрия</td> </tr> <tr> <td>2. Ойыс линза</td> <td>Ортасы жұқа</td> </tr> <tr> <td>3. Оптикалық күштің бірлігі</td> <td>F</td> </tr> <tr> <td>4. Жұқа линзаның формуласы</td> <td>Ортасы қалың</td> </tr> <tr> <td>5. Фокустық қашықтықтың белгіленуі</td> <td>$\frac{1}{F} = \frac{1}{d} + \frac{1}{f}$</td> </tr> </table> <p>II топ:</p> <table border="1" data-bbox="488 1487 1243 1771"> <tr> <td>1. Оптикалық күштің белгіленуі</td> <td>Линзалар жүйесі.</td> </tr> <tr> <td>2. Фокустық қашықтықтың формуласы</td> <td>жинағыш</td> </tr> <tr> <td>3. Фотоаппараттың негізгі бөлігі</td> <td>D</td> </tr> <tr> <td>4. Дөңес линза</td> <td>Г</td> </tr> <tr> <td>5. Линзаның сызықтық үлкейтуінің белгіленуі</td> <td>$F = \frac{1}{D}$</td> </tr> </table>	1. Дөңес линза	диоптрия	2. Ойыс линза	Ортасы жұқа	3. Оптикалық күштің бірлігі	F	4. Жұқа линзаның формуласы	Ортасы қалың	5. Фокустық қашықтықтың белгіленуі	$\frac{1}{F} = \frac{1}{d} + \frac{1}{f}$	1. Оптикалық күштің белгіленуі	Линзалар жүйесі.	2. Фокустық қашықтықтың формуласы	жинағыш	3. Фотоаппараттың негізгі бөлігі	D	4. Дөңес линза	Г	5. Линзаның сызықтық үлкейтуінің белгіленуі	$F = \frac{1}{D}$	
1. Дөңес линза	диоптрия																					
2. Ойыс линза	Ортасы жұқа																					
3. Оптикалық күштің бірлігі	F																					
4. Жұқа линзаның формуласы	Ортасы қалың																					
5. Фокустық қашықтықтың белгіленуі	$\frac{1}{F} = \frac{1}{d} + \frac{1}{f}$																					
1. Оптикалық күштің белгіленуі	Линзалар жүйесі.																					
2. Фокустық қашықтықтың формуласы	жинағыш																					
3. Фотоаппараттың негізгі бөлігі	D																					
4. Дөңес линза	Г																					
5. Линзаның сызықтық үлкейтуінің белгіленуі	$F = \frac{1}{D}$																					

III топ:	
1. Ойыс линза	$\Gamma = \frac{h}{H}$
2. Линзаның сызықтық үлкейтуінің формуласы	$D = \frac{1}{a} + \frac{1}{f}$
3. Жұқа линзаның формуласын оптикалық күш арқылы өрнектеу	шашыратқыш
4. Фокустық қашықтықтың бірлігі	Сәулені күшті сындырады
5. Дөңес линза	м
IV топ:	
1. Нәрседен линзаға дейінгі қашықтық	f
2. Линзадан кескінге дейінгі қашықтық	d
3. Шашыратқыш линзаның фокустық қашықтығы	Теріс сан
4. Жинағыш линзадағы нәрсенің кескіні	жалған
5. Шашыратқыш линзадағы нәрсенің кескіні	шын
<p>Топтық жұмыс</p> <p>1. Линзаның оптикалық күші 5 дптр. Оның фокус қашықтығы неге тең?</p> <p>2. Фокус қашықтығы 10 см болатын жинағыш линзадан 30 см қашықтықта объект орналасқан. Кескіннің линзаға дейінгі қашықтығын анықтаң</p> <p>3. Кескіннің линзаға дейінгі қашықтығы 15 см, фокус қашықтығы 10 см. Линзадан қанша қашықтықта объект орналасқан?</p> <p>4. Жинағыш линзадан 30 см қашықтықта объект орналасқан. Кескіннің линзаға дейінгі қашықтығы 15 см. Оптикалық күшті анықтаң.</p> <p>Жеке жұмыс:</p> <p>Линзаның көмегімен кескін алу</p> <p>Оқу мақсаты: 8.5.1.13 – жұқа линзада сәуленің жолын салу және кескінге сипаттама беру</p> <p>Тест тапсырмалары:</p> <p>1. Жинағыш линзаның фокус аралығы 0,2 м. Дененің кескіні өзінің биіктігідей болып шығу үшін денені линзадан қандай қашықтыққа қою керек?</p> <p>А) 40 см В) 20 см С) 30см D) 10см E) 25см</p> <p>2. Фокус аралығы 25 см шашырақыш линзаның оптикалық күшінің абсолют мәні неге тең болады?</p> <p>А) 0,25 дптр В) 25 дптр С) 4 дптр D) 0,04 дптр E) 20 дптр</p> <p>3. Егер дене оптикалық центр мен фокус аралығында орналасқан болса, онда жұқа жинағыш линза көмегімен алынған кескін:</p> <p>А) Биіктігі өзгермеген, тура, жалған</p> <p>В) Биіктігі өзгермеген, төңкерілген, шын</p> <p>С) Үлкейтілген, төңкерілген, шын</p> <p>Д) Кішірейтілген, төңкерілген, шын</p> <p>Е) Кішірейтілген, тура, жалған</p>	

4. Егер дене бас фокус пен оптикалық центр аралығында болса онда жұқа шашыратқыш линза көмегімен алынған кескін:

- A) Биіктігі өзгермеген, тура, жалған
- B) Биіктігі өзгермеген, төңкерілген, шың
- C) Үлкейтілген, төңкерілген, шың
- D) Кішірейтілген, төңкерілген, шың
- E) Кішірейтілген, тура, жалған

5. Егер дене линзаның фокусында орналасқан болса, онда жұқа жинағыш линза көмегімен алынған кескін:

- A) Биіктігі өзгермеген, тура, жалған
- B) Биіктігі өзгермеген, төңкерілген, шың
- C) Кішірейтілген, тура, жалған
- D) Кішірейтілген, төңкерілген, шың
- E) Кескін мүлдем болмайды

6. Егер дене бас фокус пен екі еселенген фокус аралығында болса, онда жұқа жинағыш линза көмегімен алынған кескін:

- A) Үлкейтілген, тура, жалған
- B) Үлкейтілген, тура, шың
- C) Үлкейтілген, төңкерілген, шың
- D) Кішірейтілген, төңкерілген, шың
- E) Кішірейтілген, тура, жалған

7. Контейнерде қандай линза орнатылған?



- A) шашыратқыш
 - B) жинағыш
 - C) нақты айтуға болмайды
 - D) мұндай сәулелерді алуға мүлдем болмайды
 - E) шашыратқыш, артынан жинағыш
8. Схемадан қандай линза қолданылған?




- A) шашыратқыш
- B) жинақтаушы
- C) нақты айтуға болмайды
- D) мұндай сәулелерді алуға мүлдем болмайды
- E) шашыратқыш, артынан жинағыш

9. Зат қос дөңес ланзадан 40 см қашықтықта. Кескін 1,5 есе үлкейген болса, линзаның фокус аралығы неге тең?

- A) 0,5 см
- B) 2,5 см
- C) 24 см
- D) 27 см
- E) 15 см

10. Суретте оптикалық осімен шашыратқыш линза берілген. Фокус және екі еселенген фокус аралығында орналасқан дененің кескіні қандай болмақ?



- A) Тура, жалған, үлкейтілген
- B) Үлкейтілген, тура, шың
- C) Тура, жалған, кішірейтілген
- D) Тура, жалған, үлкейтілген
- E) Төңкерілген, шың, үлкейтілген

Тест жауаптары

№	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
	A	C	C	E	E	C	A	A	C	B	

бағалау

Үйге тапсырма: Ойыс линзада кескін алу.

Кері байланыс: «Бағдаршам» әдісі бойынша сабақтан алған әсерлерін төмендегі түстер арқылы көрсетеді.

Жасыл түс - Мен білемін

Сары түс - Мен түсінемін.

Қызғылт түс – Мен жасай аламын.

2.2 Физика пәнін оқытуда белсенді әдістерді қолданудың әдіс-тәсілдері

Әр түрлі авторлар әр түрлі себептер бойынша белсенді оқыту әдістерін әр түрлі топтарға бөліп жіктейді.

Белсенді топтық әдістерді шартты түрде үш негізгі блокқа біріктіруге болады (Ю. Н. Емельянов):

- дискуссиялық әдістер (топтық пікірталас, практикалық оқиғаларды талдау, моральдық таңдау жағдайларын талдау және т. б.);

- ойын әдістері: дидактикалық және шығармашылық ойындар, соның ішінде іскерлік (басқару) ойындар, рөлдік ойындар (мінез-құлықты оқыту, ойын психотерапиясы, психодрамастикалық түзету); контригра (коммуникативтік мінез-құлықты танудың трансактілік әдісі);

- эмоционалдық оқыту (тұлғааралық сезімталдықты және өзін психофизикалық бірлік ретінде қабылдауға үйрету).

Белсенді оқытудың негізгі әдістерін негізгі бағыттарға бөлуге болады :

- оқу-танымдық іс-әрекеттің сипаты бойынша;

- мәселелерді шешу барысында қатысушылардың іс-әрекет түрі бойынша, қатысушылардың саны бойынша.

Оқу-танымдық іс-әрекеттің сипаты бойынша белсенді оқыту әдістерін имитациялық және имитациялық емес әрекеттерге негізделгендеп қарастыруымызға болады (6-кесте).

6-кесте. Оқытудың белсенді әдістерінің жіктелуі (М.Новак)

<i>Педагогикалық технологиялар</i>		
<i>Имитациялық емес</i>	<i>Имитациялық</i>	
	<i>Ойын түрінде емес:</i>	<i>Ойын түрінде:</i>
<ul style="list-style-type: none"> - проблемалық дәрістер; - проблемалық семинарлар; - тақырыптық дискуссиялар; - ми шабуылы; - дөңгелек үстелдер; - педагогикалық ойын жаттығулары; - тағылымдама; 	<ul style="list-style-type: none"> - нақты жағдайларды талдау; - Имитациялық жаттығулар; - тренинг; 	<ul style="list-style-type: none"> - рөлдік ойындар; - іскерлік ойындар; - оқу ойындары-блиц-ойындар, шағын ойындар, дербес компьютерде жеке ойын сабақтары; - өндірістік ойындар - проблемалық-іскерлік ойындар; - зерттеу ойындары - проблемалық-іскерлік ойындар; - ұйымдастыру іс-әрекеті ойындары; - инновациялық ойындар - проблемалық-іскерлік ойындар; - ұйымдастыру ойындары; - жобалау ойындары.

Қатысушылардың іс-әрекет түрі бойынша міндеттерді шешуді іздеу барысында мыналарға құрылған әдістер ерекшеленеді: объектілерді немесе іс-әрекеттерді әртүрлі белгілері бойынша саралау; процестер мен құрылымдарды оңтайландыру; объектілерді жобалау және құрастыру; басқарудағы, қарым-

катынастағы және жанжалды жағдайлардағы іс-қимыл тактикасын таңдау; инженерлік-конструкторлық, зерттеу, басқару немесе әлеуметтік-психологиялық міндеттерді шешу; назар аудару дағдыларын, өнертабысты, түпнұсқалықты, ойлау жылдамдығын және басқаларды көрсету және оқыту.

Белсенді оқыту әдістерін қолдану барысында мына әрекеттерді ескеру керек (Воронова А.А.).

- Нақты жағдайларды талдау. Жағдайлар дидактикалық бағытта әр түрлі болуы мүмкін және жетекші топтың алдына қойған міндетке сәйкес қолданылады: бұл иллюстрация болуы мүмкін, теориялық материалды көрсету үшін жетекші ұсынған нақты жағдай; қатысушылар кейбір элементтерді бөліп алып, есте сақтауы керек жаттығу; ұсынылған мәселе шешіліп, қатысушылар оны бағалауға шақырылады; мәселе, топ алдында талдау және шешу қажет бірқатар сұрақтар қойылады.

- Әлеуметтік-психологиялық тренинг, онда жаттықтырушы жетекші функцияны атқармайды, бірақ мейірімді бақылаушы рөлін атқарады, қатысушылардың қарым-қатынасының субъективті-субъективті сипатын қамтамасыз етеді.

- Ойын модельдеу немесе модельдеу ойындары: модельдеу ойындарын алдын-ала орнатылған жоспарлы және ұйымдастырушылық болып бөлінеді, онда қатысушылар шешім жүйесін өздері таңдайды.

Сондай-ақ, БОӘ классификациясы бар, оларды төрт топқа бөліп, топтық және жеке сабақ формаларын біріктіріп, былай жіктеуге болады:

- Қатысушылардың тікелей қарым-қатынасына негізделген пікірталас әдістері (еркін және бағытталған пікірталастар, мамандардың кеңестері, өмірлік және кәсіби оқиғаларды талқылау және т.б.), өзара әрекеттесуді ұйымдастыру, пікір алмасу, қажет болған жағдайда топтық шешім әзірлеу және қабылдау процестерін басқару функциясын орындайтын жүргізушінің пассивті бөлінген позициясы.

- Ойынның барлық немесе бірнеше маңызды элементтерін (ойын жағдайы, рөлдер, белсенді ойнату, нақты оқиғаларды қайта құру және т.б.) пайдаланатын және белгілі бір себептермен адамға қол жетімді емес жаңа тәжірибе алуға бағытталған ойын әдістері (іскерлік, ұйымдастырушылық, Имитациялық, рөлдік ойындар, психодрама, социадрама және т. б.).

- Жарыс әсерінен оқушылардың белсенділігін арттыратын рейтингтік әдістер (тиімділік рейтингтері, танымалдылық рейтингтері),

- Қатысушылардың жеке басы мен мінез-құлқына ынталандырушы, түзетуші, дамытушы әсер етуге бағытталған тренингтік әдістер (мінез-құлық және тұлғаға бағытталған тренингтер).

БОӘ-нің әр тобы білім алушылардың позициясында болатын қатысушылардың өзара әрекеттесуін нақты ұйымдастыруды қамтиды және өзіндік ерекшеліктері бар.

Оқытудың белсенді түрлері мен әдістерін қолданудың нәтижелілігі сабақтың тиімділік критеріі арқылы көрсетіледі.

Сабақ тиімділігінің көрсеткіштері:

- 1) оқытылатын пәнге уәждеме;
 - 2) пәнге тұрақты танымдық қызығушылықтың болуы;
 - 3) сабақта оқушының жайлылық жағдайы мен деңгейі ;
 - 4) оқу қызметі компоненттерінің қалыптасуы (мақсат қою әрекеті, оқу әрекеттері, бақылау әрекеті, бағалау әрекеті) ;
 - 5) оқушылардың ойлау қабілетін дамыту (талдау, синтез, салыстыру операциялары, маңызды ұғымдарды жіктеу қабілеті) ;
 - 6) білім сапасын және оқу деңгейін арттыру
- Орыс зерттеушісі А. А. Балаев белсенді әдістерді қолдана отырып оқытуды ұйымдастырудың келесі принциптерін анықтайды (7-кесте).

7-кесте. Оқытуды ұйымдастырудың принциптері.

Принциптер	Орындалатын іс-әрекеттер
Мазмұны мен оқыту әдісі арасындағы тепе-теңдік	Сабақ барысында оның тақырыбы мен оқушылардың дайындық деңгейі ескеріледі.
Модельдеу	Оқу барысында алдағы іс-әрекетер модельденеді, нәтиже тек білім, дағдылар жиынтығы ғана емес, сонымен қатар бірқатар жеке қасиеттер мен әлеуметтік-кәсіби құзыреттіліктерге ие маман моделі түрінде ұсынылған.
Ішкі бақылау	Оқу процесін оқушылардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескере отырып, нақты дайындық деңгейіне сәйкес құруға мүмкіндік береді. Бұл оқу курсының мазмұнын барынша тиімді нақтылауға, таңдалған оқыту әдістерін қайта қарауға, оқушылардың өзіндік жұмысының сипаты мен көлемін анықтауға, оқытудың өзектілігін негіздеуге және оған мотивация қалыптастыруға мүмкіндік береді.
Мазмұны мен әдістерінің оқу мақсаттарына сәйкестігі	Оқу мақсатына жету үшін мұғалім белгілі бір тақырыпты зерттеуге немесе мәселені шешуге ең қолайлы оқушылардың оқу іс-әрекетінің түрлерін таңдауы керек.
Проблемалық жағдаят	Белсенді әдістердің абсолютті көпшілігін қолданған кезде проблемалық жағдай жасау қажет. Білім алушылар проблеманы қою арқылы туындайтын қиындықтарды, кедергілерді еңсеру арқылы жаңа нәрселерді үйренеді, білім мен дағдыға ие болады.

7-кестенің жалғасы

Теріс тәжірибе	Практикалық іс-әрекетте сәттілікпен қатар қателер де бар, сондықтан оқушыларды қате шешімдер мен жағдайларды талдау арқылы олардан аулақ болуға үйрету керек.
Қарапайымнан күрделіге дейін	Сабақ оқу материалының өсіп келе жатқан күрделілігін (қарапайымнан күрделіге) және оны зерттеуде қолданылатын әдістерді ескере отырып жоспарланады және ұйымдастырылады
Үздіксіз жаңарту	Оқушылардың танымдық белсенділігінің қайнар көздерінің бірі-оқу материалының жаңалығы
Ұжымдық қызметті ұйымдастыру	Оқытудың белсенді әдістерінің басым көпшілігі нақты әдістер шеңберінде топтық және ұжымдық жұмыс арқылы қол жеткізілетін әлеуметтік құзыреттерді (командада жұмыс істей білу, ұжымдық шешімдер қабылдау, әртүрлі көзқарастарды талқылау және т.б.) қалыптастыруға бағытталған.
Озық оқыту	Оқу жағдайында оқушылар болашақта кәсіби қызметке тез бейімделуді және оның жоғары тиімділігін қамтамасыз ететін кәсіби құзыреттіліктерді игеруі керек.
Анализ	Бұл сабақтардың тиімділігін тексеруді қамтиды: тақырып курстың контекстіне сәйкес келе ме, сабақ әдісі дұрыс таңдалған ба, оқушылар оқылған материалға жақсы бағдарланған ба және т. б.
